

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 38 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі – кәсіпорын) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. **М ы н а л а р :**

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жасау жөніндегі уәкілетті орган болып;

2) денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру кәсіпорын қызметінің негізгі мәні болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізсін;

2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**

2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының

т і з б е с і н д е :

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20-тармақтар алып т а с т а л с ы н :

мынадай мазмұндағы 24-тармақпен толықтырылсын:

«24. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.».

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

5

а қ п а н д а ғ ы

№ 3 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің қайта
ұйымдастырылатын республикалық мемлекеттік
кәсіпорындарының тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Атырау облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Маңғыстау облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Ақмола облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Ақтөбе облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Алматы облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Шығыс Қазақстан облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Жамбыл облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Батыс Қазақстан облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Қарағанды облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Қостанай облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

11. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

12. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Павлодар облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

13. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Солтүстік Қазақстан облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

14. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Оңтүстік Қазақстан облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

16. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Астана қаласының санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

17. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Орал қалалық дезинфекция станциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

18. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Петропавл қалалық дезинфекция станциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Алматы қаласының дезинфекция станциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

20. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Шымкент қалалық дезинфекция станциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.